

МЕКТЕП — КЕМЕ, БІЛІМ — ТЕҢІЗ. АЛҒАШҚЫ ШӘКІРТТЕРІМЕ АҚ ЖОЛ!

Насиба Алмағамбетова

**Мойнақ ауданына қарасты 6-санды мектептің жоғары
категориялы қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы**

<https://doi.org/10.5281/zenodo.20205761>

Табиғаттың адамзатқа берген тамаша тылсымдарының нәзік түрі – теңеу. Теңеу – адам ақылының өрістеп, көңілдің сезініп, жүректің түйсінуінен келіп шыққан көрінбес қасиеті. Білім – адамзатқа ғана тән қасиет. Ол – шетсіз, шексіз, түбіне жетпес терең тұңғыық. Ене берсең есігі ашыла, сыры шашыла береді. Білім деңгейінің тереңіне бойлау үшін кеме керек. Мектеп-бұл кеме.

Жаңа дүниеге келген сәби ана сүтімен уызданып, әке алақанымен әлпештеніп өсіп, өнеді. Жасы жетіге толғанда, қоғам заңына бағына отырып, мектеп босағасын аттайды. Мектеп – киелі шаңырақ, білім бағына бастайтын алтын кілт. Кітап – білім бұлағы, тілсіз дос, теңеусіз қазына. Қырағы көз, терең ой, шешен сөз бен әдепті бой – бәрі де кітап берер байлық қой!

Мектеп – білім ордасы. Кемеге мініп, кітапты құрал қылып, теңізде тербелген білім бағытына бастап бару – бұл ұстаздың қызметі. Жер басып жүрген адам баласы бүгінде бақытты болашақ біліммен байланысты екенін жақсы біледі. Білім құған жастардың өмірінде мектептің алар орны ерекше, берер тәлім-тәрбиесі өзгеше. Сондықтан да ол жерді барша қауым қасиетті санайды.

Мектебім – салтанатты сән-сарайым, ұстазым – мейірімді, жаны арайлым. Елімізде тәуелсіздіктің арқасында жастарға арналған оқу орындары: мектеп, лицей, колледждер көптеп салынуда. Олардың жан-жақты білім алуына барлық қолайлы жағдай жасалып, болашақ маман болып жетілуіне мүмкіндіктер мол. Солардан тиімді пайдаланған жастар биік белестерден көрінуде.

«Ұстаз – атаңдай ұлы», «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы», - дейді дана халқымыз. Сол айтпақшы, оқуды азық қылып, білімді ырысқа санаған мектеп мұғалімдері жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беріп келеді. Ұстаз – нұр, ол – әлемдегі ең ұлағатты тұлға. Ұстаз – жыр, ол – әдепті де инабатты жан. Мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күндерден-ақ, әрбір адамға жақын көрініп, кейін келе ата-анаңдай болып кететін ұстаз бар. Ол мейіріммен бізге тәлім-тәрбие, адамгершілік қасиеттің бәрін үйретеді. Ата-ана дүниеге келтірсе, ұстаз білім өміріне апарады. Бұл теңеудің қаншалықты мағынасы мен қадір-қасиеті барын ұстаз көрген шәкірт қана түсінеді.

«Ұстаздықта ар-ұят, адалдық бар,
Ұстаздықта махаббат, жарасым бар.
Барша маман ішінде ардақтысы,
Ұстаздықта адамдық, сыйластық бар.»
Ұстаздық – ең ұлы мамандық!

«Ақырың жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп ұлы Абай айтқандай, менің де арманым – шәкірттерді оқытып, олардың сүйікті ұстазы болу.

«Мектебім — алтын ұям, жас шағым,
Сенде ұқтым өмірдің терең дастанын...»

Сенің құшағыңнан талай замандардан бері небір ақын, небір шешен, қаншама білім қайраткерлері өсіп жетілді.

Мектебім, мынау класың,
 Осында тоғыз жыл тұрасың.
 Тарыдай болып кіресің,
 Таудай болып шығасың.

Тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан азамат ұл-қыздарың өмірдегі өз кетіктерін тауып, Отанға қызмет көрсетсе – бұл перзенттік парыздың өтелгені. Уақыт-тоқтаусыз зырлаған алтын дөңгелек. Кеше ғана мектеп табалдырығын аттап, «Әліппемен» қоштасып жүрген бүлдіршіндер бүгін есейіп, үлкен өмірдің айдынына қанат қаққалы тұр. Мен үшін бұл күннің орны ерекше, өйткені бұл — менің алғашқы шәкірттерімнің қияға қанат қағар сәті.

Білім — таусылмас байлық. Мектеп — сол қазынаның кілтін беретін киелі орда. Мектепті алып кемеге баласақ, шәкірттерім сол кемең сенімді жолаушылары. Он бір жыл бойы жинаған білімдеріңіз — алдағы өмірде кездесетін толқындардан аман өткізер темірқазықтарыңыз. Сіздердің әрбір жетістіктеріңіз, «Ұстаз» деп айтқан жылы сөздеріңіз мен үшін ең үлкен марапат. Ұстаздық жолдағы машақатты еңбектің жемісі — бүгінгі сіздердің азамат болып қалыптасқан бейнелеріңіз.

Естеріңізде ме? Мектепке алғаш келгенде партаға бойларыңыз әрең жететін, қолыңызға қаламды алғаш алғанда саусақтарыңыз дірілдейтін еді. Бүгін сіздер — Отанға қызмет етуге дайын, өз мақсаты бар, білімді де саналы жастарсыздар. Мектептен алған білім — тасқа ойылған өрнектей, мәңгілік жадыңызда сақталсын.

Қымбатты менің шәкірттерім!

Сіздер мектеп табалдырығынан аттап, өмірдің үлкен белесіне қанат қаққалы жатырсыңдар. Қанаттарың талмасын. Таңдаған мамандықтарыңыздың майталманы болыңыздар. Биік белестерден көрініп, ата-анаңыз бен ұстаздарыңыздың мақтанышына айналыңдар.

Шәкірттерін баласындай аялаған ұстаздық жүрегім сіздерге әрқашан жарқын болашақ тілейді. Мектебіміздің атын асқақтатып, Отанның игілігіне қызмет ететін нағыз кемел жастар болыңыздар!

Ақ жол, жас түлек! Сәт сапар, менің алғашқы, ардақты шәкірттерім!

